

Д. А. Қонаев атындағы университет



Университет им. Д.А. Кунаева

*ДА. Қонаевтың 100-жылдығына арналған студенттер және
магистранттардың*

**«КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ
ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІМӘСЕЛЕРІ»**

республикалық ғылыми-теоретикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
*республиканской научно-теоретической конференции
студентов и магистрантов*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ОБЩЕСТВЕННЫХ НАУК В
РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН»,
посвященной 100-летию Д.А. Кунаева**

Алматы
21.05.2012

УДК 378
ББК 74.58
А43

Ответственный редактор: проректор по научно-исследовательской работе
Университета им. Д.А. Кунаева, доктор юридических наук Алибаева Г.А.

«Актуальные проблемы развития общественных наук в ^публики
Ка£1«ан>>, посвященная 100-летию Д.А.Кунаева : Сборник докл.- Алматы,
2012.- 356с

ISBN 9965-627-42-8

В сборнике представлены доклады магистрантов и студентов
^чественных вузов. В докладах были освещены проблемы
«ономических, социально-гуманитарных наук, посвященные 100-летию Д.А.
Кунаева.

УДК 378
ББК 74.58

СОДЕРЖАНИЕ

Вступительное слово ректора университета им. Д.А. Кунаева, доктора
юридических наук, профессора Кобабаева О.К.....7

ДОКЛАДЫ МАГИСТРАНТОВ

Абдикадырова А.А. Казакстан Республикасындагы білім беруді баскарудың ақпараттық жүйесі.....	8
Абдрахимов Р. Казакстан республикасында қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеудің кейбір құқықтық мәселелері.....	11
Алменов Б.А. Тұрмыстық зорлық құрбандары үшін сенім телефоны.	15
Аманбекова Д.К. Коммерциялық және өзге ұйымдардың қызметкерлерімен жасалатын қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін отандық заңнама нормаларының дамуы (тарихи анализ).....	7
Ахметова Г.Е. Астана қаласы бойынша кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстарды саралау.....	22
Әділбеков Н. Шетел валютасындағы қаражатты шетелден қайтармаудың объективтік белгілері.....	26
Баймаханов А.М. Сыбайлас жемқорлық ұғымының эволюциясы.....	35
Бекишева Э. Адам құқықтарының негізгі қағидалары.....	39
Ерматов А.Ә. Казакстан Республикасының экологиялық заңнамасы бойынша қоршаған ортаны өнеркәсіптік қызмет әсерінен құқықтық қорғау імәселелері.....	43
Ермеков С.М. Казакстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу ; процесіндегі ақдың алатергеудің мәні, міндеттері, максаты.....	48
Ермекова Г.С. Сравнение правового положения иностранцев в мире по международному частному праву.....	54
Жумашева Ш. Б. Местное самоуправление в зарубежных странах на примере: Великобритании, Франции, ФРГ.....	58
Зульярова З.М. Актуальные проблемы исполнения обязательств в гражданском праве Республики Казахстан.....	64
Имаш К. Пути утверждения принципов правового государства.....	72
Караманов М.С. Об особенностях производства следственных действий с участием иностранцев.....	77
Касыметова Б.Т. Критерии личносно-профессиональных качеств современного преподавателя высшей школы в условиях инноваций в образовании.....	%j
Касыметова Б.Т. Правовой ликбез надо начинать с детства.....	89
Кибраев Б.М. Оқиға болған жердің мән - жайларын қайта жаңғыртудың құқықтық және тактикалық негізі.....	98

Кудебаев Н.С. Қарақшылық қурамының объектісі мен затын анықтаудың кейбір мәселелері.....	106
Қыдырғиязова Л.Б. Проблемы и пути выхода из финансово-экономического кризиса казахстанской экономики.....	109
Ұйтеев Ғ. Экологиялық қылмыстылықпен күрес аясындағы қылмыстық саясатты жүзеге асырудың кейбір мәселелері.....	112
Мусиев Е. Айналыстан алынған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы үшін қылмыстық-құқықтық жауаптылық заңнамасын жетілдіру проблемалары.....	115
Нұрмуханқызы Д. Проблемы имплементации норм международных документов по правам человека в области защиты права на свободу получения и распространения информации в национальное законодательство.....	119
Нусамбаев М. Правовой статус Конституционного Совета Республики Казахстан.....	127
Оразбаев С.Б. Қазақстан және бүкіләлемдік сауда ұйымы.....	131
Орманбек Д. Терроризм қазіргі кездегі ең қауіпті қылмыс.....	135
Оспанова Ж.К. К вопросу о субъективной стороне преступления, предусмотренного ст. 236 УК Республики Казахстан «Организация незаконного военизированного формирования».....	137
Рысбекова Б.С. Қылмыстық жазаның мақсаттарын жүзеге асырудағы жаза жүйесінің мәселелері.....	140
Сапарбекова Ж.С. Банк аясындағы қылмыстарды тергеу мәселелері.....	146
Сарыбаева З. Мемлекеттік салық қызметі стандарттарын қолдану тәртібі.....	151
Сейфуллина Л.Б. Психологические компоненты правомерного поведения....	155
Сулейменова Д. Қазақстан Республикасындағы несие қатынастары дамуы мен құқықтық негіздері.....	159
Смриқпаева А.О. Тольк серіктестіктердің құқықтық жағдайы.....	162
Татнева Қ.Т. Қинау қылмысына байланысты тергеу әдісінің кейбір мәселелері.....	173
Усенбаев Б. Еңбек құқықтарына байланысты жұмыс беруші мен жұмысшының арасындағы сақтандыру шартының түсінігі мен маңыздылығы.....	175

ДОКЛАДЫ СТУДЕНТОВ

Алишева А. Кәмелетке жасы томағандардан жауап алу тактикасының ерекшеліктері.....	181
Аннаева Ю.С. Становление и развитие института парламентаризма в Казахстане.....	184
Ардақұлы Д. Мемлекеттік тілді меңгеру.....	188

Ахметова А., Смайлова Г. Ақпараттық технологиялар: мүмкіндіктері шектеулі адамдардың компьютерді басқаруға арналған бағдарламалар.....	190
Байдаулетова О.С. Президент - адам құқықтарын қорғау жүйесіндегі кепіл институты ретінде.....	193
Байрамов Р. Религиозный экстремизм и терроризм в РК. Пути преодоления.....	194
Джузенова А., Қарибжанов О.М. Қаржылық қоралды - қаржылық тұрақтылықтың негізі.....	203
Есенаманов А. ҚР Прокурасының Конституциялық функцияларын қамтамасыз ететін мәселелері.....	208
Жабық Д. Некоторые аспекты института суррогатного материнства: за и против.....	210
Жанабаев Ф. Р. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесінің проблемалары.....	213
Жумабаева С. Қылмыстық заңның ұғымы мен құрылымы.....	216
Засоба И.В. Электронно-цифровая подпись, как основа реализации концепции предоставления электронных услуг физическим лицам на государственном веб-портале.....	223
Зодиева М. Негативное влияние компьютер-интернет мышления на креативность человека.....	226
Ибрагимқызы Ә. Адамды танытуға ұсынылатын тергеу әрекеті.....	228
Қадыров А.А. Об актуальных проблемах дальнейшего развития государства и общества в Казахстане.....	232
Қарибаев А. Конфедерация: қалыптасуы мен дамуы.....	235
Қдырбаева М. Келендік қылмыстарды алдын алу.....	240
Қим С. Великий сын казахского народа.....	244
Қоханов О. Меры защиты и освобождения заложников при террористических актах.....	246
Қунгейбаев Ж. Индустриалды-инновация - қазіргі Қазақстан дамуының басты талабы.....	251
Қамашаева М. Аудит проекті.....	256
Қахамбетова А.Д. Жеке істі бастауға - тәуекел, дамуға - жігер қажет.....	259
Қолдабаева А.У. Шетелдердің практикасындағы іс-әрекеттің қылмыстылығын жоюға мән-жайларға нұсқа.....	263
Қуратова А.Ж. Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтарын қорғаудың кейбір мәселелері.....	272
Қайып В. Феномен отцовства в современном обществе.....	279
Қоспанова А.Т. Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды және қызметтерді дараландыру құралдарын азаматтық құқықтық қорғау.....	282
Қадіржанов Д. Негативное влияние компьютерных игр.....	287
Қасымбаева Ф.Ж. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мәселелері.....	290

Тоғызыншыдан, конфедерациялық мемлекеттерде біртұтас ақша жүйесі болмайды. Кейбір жағдайларда, конфедерация субъектілері бірыңғай ақша номиналын енгізуге келісулері мүмкін. Сонымен қатар, біртекті ақша саясатын ұстауы да мүмкін;

Оныншыдан, әскери жасақтарды конфедерация субъектілері қамтамасыз етіп отырады. Көбінесе, әскер оның субъектілеріне және конфедерация органдарына бір уақытта бағынып отырады.

Он біріншіден, конфедерацияда біртұтас азаматтық болмайды. Конфедерацияның субъектілерінің азаматтарының жүріп-тұруда көптеген еркіндіктері бар;

Он екіншіден, конфедерациялық қатынастарды реттейтін құқықты ұлттық құқықтық жүйеге немесе халықаралық құқыққа тікелей жатқыза алмаймыз.

Корыта келгенде, айтарымыз, конфедерациялық мемлекет өте күрделі сан кырлы кубылыс болып табылады. Конфедерацияның ұғымын бір жақты қарауға болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тихомиров Ю.А. Государственность: крах или воскрешение? М.: 1992. - №9. - 105-107 с.
2. Бабуринов С.Н. Территория государства: правовые и геополитические проблемы. М.: изд-во МГУ, 1997. - 320 с.
3. Костенко М.Л. Лавренова Н.В. ЕС после Маастрихта: Федерация, Конфедерация или межгосударственная организация // Государство и право. - 1994. - №4. - С. 108-112.
4. Объединенная Арабская Республика. Справочник / Отв. ред. М.В. Малюковский, Б.Г. Сейранян. - М.: Наука, 1968. - 440 с.

Кдырбаева М.
әл-Фараби ат. ҚазҰУ-тің
3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы
Даубасова С.Ш.

Кедендік қылмыстарды алдын алу

Кедендік қылмыстар деп ҚР-ның кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарының белгіленген тәртібіне олардың кедендік бақылау және кедендік ресімдеу тәртібіне, және де кедендік

төлемдер мен салықтарды алудың және телеудің тәртібіне, яғни кеден саласына қол сұғатын, ҚР-н Қылмыстық Кодексіне жазалау кәсімімен тыйым салынған айыпты қоғамға қауіпті әрекеттерді айтамыз. Кедендік қылмыстар қатарына экономикалық контрабанда, кеден төлемдері мен алымдарын төлеуден жалтару және айналыстан алынған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандысы жатады.

Экономикалық контрабанда дегеніміз Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан кеден бақылауын жанап немесе одан жасырын, не құжаттарды немесе кедендік тендестіру құралдарын алдап пайдалану арқылы тауарларды немесе өзге де заттарды, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 250-бабында көрсетілгендерін қоспағанда, не декларацияланбаумен немесе күмәнді декларациялаумен ұштасқан кедендік шекарадан өткізуге тыйым салынған немесе өткізу шектелген, кедендік шекара арқылы өткізудің арнайы ережелері белгіленген тауарларды, заттар мен құндылықтарды ірі мөлшерде өткізу[1].

Экономикалық контрабанданың тікелей объектісі кеден шекарасынан өткізілетін тауарлар мен өзге заттарды реттейтін қоғамдық қатынастар. 'Қылмыстың заты - ҚР Қылмыстық кодекстің 250-бабында көрсетілгендерден басқа тауарлар мен өзге заттар болып табылады. Осы тауарлар мен өзге заттарды құндылықтарды ірі мөлшерде кедендік шекарадан өткізген Әрекеттер осы қылмыстың құрамын құрайды[2].

\\ Қылмыс объективтік жағынан мына іс- әрекеттерді істеумен Сипатталады: экономикалық контрабанда заттарын кеден шекарасынан өткізу, қылмыс жасау орны - Кеден одағының кедендік шекарасы; қылмыс істеу "әсілдері - контрабанда заттарын кеден бақылауынан жасырын, не құжаттарды немесе кедендік тендестіру құралдарын алдап пайдалану. не декларацияланбаумен немесе күмәнді декларация алумен ұштасқан, кедендік шекарадан өткізуге тыйым салынған немесе өткізуі шектелген, кедендік шекара арқылы өткізудің арнаулы ережелері белгіленген тауарлар мен құндылықтарды ірі мөлшерде[2].

Ч Қылмыстың субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен. І Қылмыстық ниет-пайда күнемдік. Қылмыстың субъектісі-16-ға толған, есі дұрыс адам[2].

Экономикалық контрабанданың аса жоғары деңгейдегі қауіпі, оның аса ірі мөлшерлерде шикізаттар мен тауарлар, көлік құралдарының ұрлануымен, 'кеден төлемдері мен алымдарын төлеуден жалтарылумен, лауазымдық қылмыстармен тығыз байланысты болуымен түсіндіріледі. Қазіргі таңда контрабандалық қызметке төмендегі белгілер тән деп айтуға болады: - ұйымдасқандық; - масштабтылық; - техникалық жоғары деңгейде қамтылғандық; - конспиративтілік; - ұйымдастырушылар мен қылмысты орындаушылар құрамымен бірге олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, тасымалдауды, контрабанда заттарын таратуды жүзеге асыратын тұлғалардың болуы; - контрабандалық топтардың қызмет ету механизмінің жоғары деңгейдегі үйлесімділігі[3].

Контрабанданың себептері: Үлкен мөлшерде табыс табу. Жоғарғы көлемдегі кедендік төлемдер мен алымдардың орнатылуы. Кеден және салық заңдарындағы кемшіліктер. Кеден қызметкерлерінің пара алуы. Қылмыстық заң бойынша жазаның катал болмауы. Кедендік ресімдеу процедураларының ұзақтылығы және қымбатылығы.

2010 жылы Кедендік бақылау комитетінің Контрабандамен күрес басқармасының қызметкерлері 969 қылмыстық іс қозғады. Бұл керсеткіш оның алдындағы жылғымен салыстырғанда 193 іске көп болып отыр. Мәліметтерге Қарағанда, кеден бекеттерінде әсіресе экономикалық контрабанда әрекеттерінің саны 43 пайызға артқан. Ал кеден органдары тарапынан анықталған әкімшілік істер негізінде бюджетке 5 миллиард 936 миллион тенге түскен. «Мемлекет қоржынына сондай-ақ 925 миллион тенге тәркілеу шаралары арқылы түскен. Бұған қоса тағы 2,07 миллиард теңге түрлі тауарлар мен валюталардың және көлік құралдарының заңсыз айналымынан түскен», деді басқарма бастығының орынбасары. Оның айтуынша, контрабандамен күрес қызметкерлері еліміздің аймағынан шетел валюталарын алып кету әрекеттерінің жолын кесуде үлкен жетістіктерге қол жеткізіп отыр деуге болады. Мысалы, шетел валютасын елімізден заңсыз алып шығу әрекеттері 2007 жылы ерекше белсенділікке ие болса, сол уақыттан бері кеден өкілдері 393 миллион шетел валютасын тәркілеген [4].

Контрабандалық тауарларды тасымалдау үлкен жүк автокөліктерімен, теміржол вагондарымен, транспорттық ұшақтармен кедендік бақылаудан жасырудың жетілген жолдарын қолдану, кедендік тентестірудің жалған құжаттарын пайдалану арқылы, кедендік құжаттарда декларацияланатын тауарлардың атауларын өзгерту арқылы, заңсыз өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарының жүк кедендік декларацияларда көрсетілгеннен артық жөнелту сияқты әдістермен жүзеге асырылууда. Қылмыскерлердің қызмет ету әдістері жетілдірілуде, олардың заңсыз капиталдары кебею үстінде. Тауарлар мен көлік құралдарын мемлекетімізден заңсыз алып кетудің маңызды бөлігін алдын алу мүмкін болмай отыр. Өзге де факторлармен қоса алғанда экономикалық контрабанданың жасалуына кеден және өзге де құқық қорғау органдары лауазымды тұлғаларының қызметтерін асыра пайдалануы әсер етіп отыр. Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету келесі жағдайларды қалыптастырумен сипатталады:

- экономиканың тиімді қызмет етуі мен даму жағдайлары;
- экономикалық тиімді жағдайларда өндірістік ресурстарға отандық өндірушілердің қол жеткізу мүмкіндігін кепілдендіру;
- олардың өнімдерінің сыртқы нарықта кенінен және кедергісіз таралуын қамтамасыз ету;

Осыған байланысты, экономикалық контрабандамен күрестің құқықтық шараларын күшейтудің қажеттілігі туындап отыр. Қазақстан Республикасында аталған қылмыс құрамдарымен күресті құқықтық реттеуге байланысты көптеген маңызды өзгерістер енгізген нормативтік құқықтық актілер қабылданды. Олар: Қазақстан Республикасының Кеден кодексі;

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі; Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексі; «Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік жөніндегі заңдарды қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты Пленумының 1997 жылғы 18 шілдедегі №3 қаулысы; және өзге де нормативтік құқықтық актілер.

Экономикалық контрабандамен күрестің жаңаша қарқыны жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілері қабылданғаннан кейін және 5 қараша 1997 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлттық қауіпсіздікті нығайту және сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыстылықпен күресті ары қарай қатандату бойынша шаралар туралы» Жарлығының қабылдануы нәтижесінде басталды [3].

Сонымен, экономикалық контрабанданың алдын алу шараларына: жазаны қатандату керек (жазаның негізгі түрі ретінде кедендік қылмыстарды жасағанда түспей қалған сомадан 30%-40% дейін айыппұл салуды қолдану); кеден қызметкерлерін әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету керек (жалақыны өсіру және т.б.); салықтар мен төлемдерді азайту; шетелдік және еліміздің құқық қорғау органдары арасындағы өзара тығыз байланысты жетілдіру жатады.

Алайда, қазіргі таңда, экономикалық контрабанданы алдын-алу шаралары аталған құбылысты және контрабандистердің қылмыстық қызметке қызығушылықтарын туындататын факторларды түбегейлі жойып отырған жоқ. Экономикалық контрабанданың жасалуы мен анықталмауы нәтижесінде, мемлекет бюджетке қаражатты толық деңгейде ала алмайды, әйкестелген түрде Қазақстан Республикасы экономикалық тұрақтылығына үйп төнеді. Республика территориясына заңсыз әкелінген тауарлар мен өлік құралдары азаматтарға ете қажетті, сондықтан контрабандалық тауарлар нәтижесінде қылмыс субъектілері аса ірі мөлшерлерде пайда абады, ал осы кезде мемлекеттік бюджет аса ірі шығындарға ұшырап тұрады. Сондықтан алдын-алу шараларды жүргізу арқылы экономикалық контрабандалық қылмыстарды болдырмауға үлкен күш салу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі-1997 жылғы 16' 67-1//Алматы:ЖШС «Издательство «Норма-К»,2012.-176 бет.

Ағыбаев А.Н.- Қазақстан Республикасының Қылмыстық сіндірме.Жалпы және Ерекше бөлімдер//Алматы «Жеті Жарғюи т.

. Тлеулесова Б.Т. Экономикалық контрабанда Қазақстан Рг ономикалық қауіпсіздігінетөнген қауіп ретінде және оның аралары// АкМУ ХАБАРШЫСЫ, ғылымдары сериясы, 2010 №4 (4